

"Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2019 жылғы 14 қарашадағы № 392 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 14 қарашада № 19596 болып тіркелді.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17741 болып тіркелген, 2018 жылғы 20 қарашада Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қағидалардың 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 9-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

А. Сапаров

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан
Индустрия
инфрақұрылымдық
министрлігі

Республикасы " К Е Л І С І Л Д І "
және Қазақстан
даму Қаржы министрлігі

Республикасы

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан
Ұлттық экономика министрлігі

Республикасы

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Республикасы

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2019 жылғы 14 қарашадағы
№ 392 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 26 қазандағы
№ 436 бұйрығымен
бекітілген

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) " Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына сәйкес әзірленді және кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін тиісті қаржы жылына арналған бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудың негізгі мақсаты агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі - АӨК) субъектілері үшін қаржылық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру болып табылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға ;

2) ауыл шаруашылығы жануарлары - адам өсіретін, ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар жануарлар (ірі қара мал, ұсақ мал, жылқы, түйе, шошқа және құс);

3) жеке кабинет - пайдаланушының (қарыз алушының, қаржы институтының, субсидиялар қаражатын бөлу жөніндегі жұмыс органының) тізілімдегі дербес веб-парақшасы;

4) жеке шот - субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде ашылатын, пайдаланушыны тану (сәйкестендіру) және оның жеке деректері мен баптауларына қолжетімділік беру үшін қажетті, тізілімде тіркелген пайдаланушы туралы ақпаратты көрсететін шот;

5) көрсетілетін қызметтерді жеткізуші - иесі ретінде субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қол жеткізуді және оны сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тұлға, оны субсидиялар қаражатын бөлу жөніндегі жұмыс органы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес айқындайды;

6) кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шарты (бұдан әрі - субсидиялау шарты) - субсидияларды аударудың тәртібі мен шарттарын, тараптардың жауапкершілігін көздейтін, қарыз алушы, жұмыс органы мен қаржы институты арасында электрондық немесе қағаз түрінде жасалған жазбаша келісім;

7) қаржы институттары - екінші деңгейдегі банктер, шетелдік және халықаралық қаржы институттары, оның ішінде банктік операцияларды қазақстандық қаржы

институттары арқылы жүргізетін шетелдік және халықаралық қаржы институттары, банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына лицензиялары бар кредиттік ұйымдар, сондай-ақ АӨК саласындағы лизингтік компаниялар мен кредиттік серіктестіктер;

8) қарыз алушы - қаржы институтымен қарыз шартын жасасқан жеке немесе заңды тұлға, дара кәсіпкер (оның ішінде шаруа (фермер) қожалығы);

9) қарыз шарты - қаржы институты мен қарыз алушы арасында жасалған, талаптары бойынша қаржы институты кредит/лизинг беретін қарыз шарты, сондай-ақ ислам қағидаттарындағы қаржыландыру шарты;

10) субсидиялар қаражатын бөлу жөніндегі жұмыс органы (бұдан әрі - жұмыс органы) - облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органының ауыл шаруашылығы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі;

11) субсидиялауға арналған өтінім - қаржы институтының қарыз алушының қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін төлеуге арналған электрондық немесе қағаз өтінімі;

12) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі - тізілім) - субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

13) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі - субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған, субсидиялар алуға арналған өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігіне автоматты тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персонал мен техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

14) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі - веб-портал) - Интернет желісінде орналасқан, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

15) сыйақы мөлшерлемесі - қарызды пайдаланғаны үшін қаржы институтына тиесілі пайыздық мәндегі төлем, оның ішінде исламдық қаржыландыру қағидаттарында жасасылған қарыз шарты бойынша қарыз алушы төлейтін кірістілік мөлшерлемесі;

16) технологиялық жабдық - тікелей және қосалқы мақсаттағы жабдықтардан тұратын, олар қолданылмаса толық технологиялық цикл қамтамасыз етілмейтін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеу жөніндегі жабдықтар;

17) ұсыныс - қарыз алушы мен қаржы институтының субсидиялау шартын жасасуға арналған, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қағаз тасығышта қол қойылған не электрондық цифрлық қолтаңба қойылған бірлескен ұсынысы;

18) "электрондық үкімет" веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін

мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополия субъектілерінің желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

19) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдар жинағы.

4. Субсидиялау:

ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркемелі жабдықты сатып алуға арналған, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға арналған, негізгі құралдарды сатып алуға, құрылысқа арналған қарыз (ұн, минералды сулар және алкогольсіз сусындар өндіруге негізгі құралдарды сатып алуға арналған қарыздарды қоспағанда) шарты бойынша сыйақы мөлшерлемелерін төмендетуді көздейтін мынадай нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады:

- 1) теңгемен жылдық 10 (он) %-ға;
- 2) Ресей рублімен жылдық 8 (сегіз) %-ға;
- 3) өзге валютамен жылдық 2 (екі) %-ға.

Сыйақы мөлшерлемесін жылдық 4 (төрт) %-дан төмендетуге жол берілмейді;

айналым қаражатын толықтыруға арналған қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендетуді көздейтін мынадай нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады:

- 1) теңгемен жылдық 5 (бес) %-ға;
- 2) Ресей рублімен жылдық 4 (төрт) %-ға;
- 3) өзге валютамен жылдық 1 (бір) %-ға.

Сыйақы мөлшерлемесін теңгемен жылдық 7 (жеті) %-дан, Ресей рублімен жылдық 6 (алты) %-дан, өзге валютамен жылдық 4 (төрт) %-дан төмендетуге жол берілмейді.

5. "Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысымен бекітілген Басым жобаларға кредит беру тетігінің (бұдан әрі - Тетік) шеңберінде қаржы институттары берген қарыз шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау жүзеге асырылады:

1) негізгі құралдарды сатып алуға сыйақы мөлшерлемелерін теңгемен жылдық 10 (он) %-ға төмендете отырып жүзеге асырылады, бұл ретте субсидиялау мерзімі мерзімді ұзарту құқығынсыз 7 жылдан аспайтын уақытты құрайды;

2) айналым қаражатын толықтыруға сыйақы мөлшерлемелерін теңгемен жылдық 9 (тоғыз) %-ға төмендете отырып жүзеге асырылады, бұл ретте субсидиялау мерзімі мерзімді ұзарту құқығынсыз 3 жылдан аспайтын уақытты құрайды.

Сыйақы мөлшерлемесін жылдық 4 (төрт) %-дан төмендетуге жол берілмейді.

Осы Қағидаларға 5-қосымшада жазылған Тетік шеңберіндегі қарыз шарттары бойынша субсидиялау үшін агроөнеркәсіптік кешендегі өндіріс бойынша тауарлар тізбесіне сәйкес қаржы институттары берген қолданыстағы қарыз шарттары осы тармақ шеңберінде субсидиялануы тиіс.

Осы тармақтың қолданысы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таралады.

6. Субсидиялау осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген қарыз шартына қойылатын талаптарға сәйкес келетін қарыз шарты бойынша жүзеге асырылады.

7. Осы Қағидалар күшіне енгенге дейін жасалған субсидиялау шартын субсидиялау шартында көрсетілген талаптарда субсидиялау жалғастырылады.

Қағаз түріндегі субсидиялау шарттарын электрондық форматқа көшіруді және оларды субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеуді қажет болған жағдайда қаржы институты және көрсетілетін қызметтерді жеткізуші жүзеге асырады.

8. Ұсыныс берілген күні қолданыстағы және ұсыныс берілгенге дейін 4 жылдан ерте емес жасалған қарыз шарттары субсидиялауға жатады.

Субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданған қарыз шарты субсидиялау бағдарламасына бір реттен артық қайта қатысуға жіберілмейді.

9. Қарыз шарты бойынша субсидиялау оның бүкіл қолданылу мерзімінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, бұрын жасалған қарыз шарты бойынша субсидияларды есептеу жұмыс органы ұсыныс бойынша шешім қабылдаған күннен басталады.

2019 жылы субсидиялар көлемдерін есептеуді бұрын берілген қарыз шарттары бойынша қаржы институттары жүзеге асырады, бұл ретте субсидияларды есептеу жылдың 1 қаңтарынан басталады.

10. Қаржы институты шетелдік валютамен берген қарыз шарттары бойынша субсидиялау қарыз алушының сыйақы мөлшерлемесін төлеген күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгемен жүзеге асырылады.

11. Оң бағамдық айырмашылық пайда болған жағдайда, оны болашақ субсидиялар есебіне қосып есептейді, ал теріс бағамдық айырмашылық жағдайында, оны қарыз алушы төлейді.

12. Қарыз шарттарының талаптары өзгерген жағдайда, бұрын мақұлданған және жылдар бойынша есептелген субсидиялар сомасы артпайды, субсидиялау мерзімдері ұзартылмайды.

13. Сыйақы мөлшерлемесі кеміген жағдайда, оған субсидиялар сомаларын кеміту жағына қарай әрбір жыл бойынша жеке-жеке қайта есептеу жүргізіледі.

14. Жұмыс органы сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау жөніндегі жеке айлар бойынша қаржыландыру жоспарын (бұдан әрі - Қаржыландыру жоспары) бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны веб-порталда орналастырады.

2-тарау. Субсидиялар алу шарттары

15. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) қаржы институтының осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға арналған өтінім беруі;

2) берілген өтінім бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған қолданыстағы (бұзылмаған және тоқтатылмаған) сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шартының (төлемге арналған өтінім беру сәтіне) болуы;

3) қарыз алушыда субсидияланатын қарыз шарты бойынша негізгі борыш және/немесе сыйақы бойынша мерзімі өтіп кеткен (төлемге арналған өтінім беру сәтіне) міндеттемелерінің болмауы.

3-тарау. Субсидиялар төлеу тәртібі

16. Субсидиялау мынадай процестерді қамтиды:

1) ұсыныс қабылдау;

2) субсидиялау шартын жасасу;

3) субсидиялауға арналған өтінім беру;

4) субсидия төлеу;

5) субсидиялау шартын өзгерту;

6) субсидиялау шартын тоқтату.

17. Ұсыныстарды қабылдау тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық түрде немесе Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылады.

18. Ұсыныстарды қабылдау ұсыныс берілген сәтте бюджетте міндеттемелерден бос қаражат болған жағдайда жүзеге асырылады.

Тиісті жылдың 1 шілдесіне дейін жаңа өтінімдерге көзделген бюджеттің 60 (алпыс) %-ы ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркемелі жабдықты сатып алуға арналған, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға арналған қарыз шарттарын субсидиялауға пайдаланылады.

Егер, тиісті жылдың 1 шілдесінде лимит игерілмесе, онда ұсыныстарды қабылдау көрсетілген лимитті қолданбай орындалады.

19. Ұсынысты қарыз алушы береді және оны қаржыландырған қаржы институты өтеу кестесі бар қарыз шартының көшірмесін қоса бере отырып растайды.

20. Жұмыс органының ұсыныс бойынша шешімі мыналарды қамтиды:

1) қаржы институтының атауы және орналасқан жері;

2) субсидиялауға арналған өтінімі бойынша субсидиялау шартын жасасу/жасасудан бас тарту туралы шешім қабылданған қарыз алушының атауы мен орналасқан жері және бас тартылған жағдайда, осы бас тарту себептерінің тізбесі;

- 3) кредит/лизинг сомасы;
- 4) әрбір қарыз шартының қолданылу мерзімі;
- 5) субсидиялау мерзімі;
- 6) субсидиялау нормативі;
- 7) қарыз шарты бойынша жалпы субсидиялар сомасы (жылдар бойынша бөліністе).

21. Субсидиялау шарты жұмыс органы шешімінің негізінде қарыз алушы, қаржы институты ұсыныс бойынша оң шешім туралы жұмыс органының хабарламасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарыз алушы, қаржы институты мен жұмыс органы арасында жасалады.

22. Субсидиялау шартында жұмыс органының мынадай жағдайларда оны біржақты бұзу құқығы көзделеді:

1) шартта қарыз алушы негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам уақыт орындамаған міндеттемелердің болуы;

2) қарыз шарты бойынша қаражаттың мақсатты пайдаланылмауы;

3) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша қарыз алушының шоттарына тыйым салынуы;

4) қарыз алушының субсидиялар алудан бас тарту туралы еркін нысандағы жазбаша өтініші;

5) қарыз алушының қарыз шарты бойынша қаржы институты алдындағы міндеттемелерін толық өтеуі;

б) қарыз шартының бұзылуы немесе тоқтатылуы.

23. Қаржы институты субсидиялау шартына қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде және одан әрі әр ай сайын осы Қағидалардың 30-тармағында көзделген талаптардың орындалуы үшін жұмыс органына осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға арналған өтінімді жолдайды.

24. Субсидиялар көлемі Қаржыландыру жоспарында тиісті айға көзделген бюджет қаражатының көлемінен артық болатын субсидиялауға арналған өтінімдер бойынша субсидияларды төлеу өтінім берілген сәттен бастап кезектілік тәртібімен келесі айда жүзеге асырылады.

Бұл ретте, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі ағымдағы айда тоқтатылады және келесі айдың бірінші жұмыс күнінен бастап қайта басталады.

25. Егер, жұмыс органы төлем тапсырмаларын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімде деректер сәйкессіздігінің бар екені анықталса, қарыз алушы кері қайтару себептерін көрсете отырып, өтінімді кері қайтарып алады.

26. Қаржы институты жасалған субсидиялау шарттары бойынша субсидиялар сомаларын жұмыс органының аударуы үшін арнайы банктік шот ашады, ал мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда, қызмет көрсетуші банкте арнайы шот ашады.

27. Қаржы институты арнайы банктік шоттағы қаражатты тек қарыз алушының қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін төлеуге пайдаланады.

28. Қаржы институты қарыз алушыдан сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігін алған кезде қарыз шартына өтеу кестесіне сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін арнайы шоттан есептен шығаруды жүзеге асырады.

29. Қарыз шарты бойынша төлем күні келген және қаржы институтының арнайы банктік шотында сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін төлеу үшін қаражат болмаған жағдайда, қарыз алушы сыйақының толық мөлшерлемесін төлеуді өз қаражаты есебінен жүзеге асырады. Қаржы институты төлем күні болғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын қарыз алушыны толық сыйақы мөлшерлемесін өз қаражаты есебінен төлеу қажеттілігі туралы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде хабардар етеді. Жұмыс органы сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына қаражат аудару арқылы өтейді. Мұндай жағдайда қаржы институты жұмыс органынан қаржы институтының арнайы банктік шотына қаражат келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарыз алушының есептік шотына сыйақының субсидияланатын мөлшерлемесін аудару арқылы қарыз алушыға бұрын төленген сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін өтеуді жүзеге асырады.

30. Жұмыс органы субсидиялауға арналған өтінімге сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына ай сайын аванстық төлеммен, субсидияларды кезекті төлеу жүргізілетін айдың алдындағы айда аударды.

31. Арнайы шотта пайдаланылмаған қаражат қалдығы пайда болған жағдайда, оларды:

1) қарыз алушы бағдарламадан алынып тасталған кезде, қаржы институты жұмыс органы шешім қабылдағаннан кейін бір ай ішінде;

2) қолданыстағы қарыз шартының талаптары өзгерген, сондай-ақ негізгі борышы мерзімінен бұрын өтелген жағдайда, қаржы институты тоқсан сайынғы есептілік ұсынылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

3) қарыз алушы негізгі борыштың және/немесе сыйақының жоспарлы төлемін өтеу бойынша міндеттемелерін қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен артық мерзімде орындамаған кезде жұмыс органынан қарыз алушыны субсидиялауды тоқтату туралы ақпарат алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтару қамтамасыз етіледі.

Бұл ретте, ағымдағы қаржы жылы жүргізілген төлемдерді қайтару орындалмаған міндеттемелер сомасын ұлғайту және "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген) сәйкес шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті кодтары бойынша кассалық шығыстарды азайту жолымен жұмыс органының кассалық шығыстарын қалпына келтіру арқылы жүзеге асырылады.

Өткен жылдардың төлемдерін қайтарған жағдайда, қайтарылатын сома төлемдер жүргізілген тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

32. Қолданыстағы қарыз шартының талаптары (сыйақы мөлшерлемесі, сыйақы төлеу мерзімдері, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша мерзімді кейінге қалдыру) өзгерген жағдайда, қаржы институты қаржыландыру талаптарын өзгерту жөніндегі қабылданған шешімнің көшірмесін, негізгі борышты, сыйақыны және субсидиялар көлемін өтеудің жаңартылған кестесін қоса бере отырып, бұл туралы жұмыс органын хабардар етеді.

33. Жұмыс органы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде қаржы институтынан қолданыстағы қарыз шартының талаптарын өзгерту туралы хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

1) қарыз шартының өзгертілген талаптарының осы Қағидаларда белгіленген субсидиялау талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады;

2) ұсынылатын өзгерістер осы Қағидалардың талаптарына сәйкес болған жағдайда, субсидиялау шартына өзгеріс енгізу бойынша шешім қабылдап, оны ресімдейді және бұл туралы қаржы институтын хабардар етеді.

34. Қарыз алушыны субсидиялаудың жаңартылған кестесі бар бірге субсидиялау шартына қосымша келісім жұмыс органы шешімінің негізінде субсидиялау шартына өзгерістер енгізу жөніндегі оң шешім туралы жұмыс органының хабарламасын қаржы институты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарыз алушы, қаржы институты мен жұмыс органы арасында жасалады.

Бұл ретте, субсидиялау шартын өзгертуге қаржы институты тиісті қарыз шартын өзгертуді қарыз алушымен келісім бойынша (біржақты тәртіппен емес) жүргізген жағдайда жол беріледі.

35. Қаржы институты өзіне субсидиялау шартын жұмыс органының біржақты бұзуы үшін негіз болып табылатын оқиғаның болғаны туралы белгілі болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жұмыс органын осындай оқиға туралы хабардар етуі қажет.

Жұмыс органы қаржы институтынан хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде субсидиялау шартын тоқтатуға шешім қабылдап, оны ресімдейді және бұл туралы қаржы институтын хабардар етеді.

Қарыз алушы, қаржы институты жұмыс органының тиісті шешімі туралы хабарламаны алған күннен бастап субсидиялау шарты бұзылды деп танылады.

36. Қарыз алушыға субсидия беруден бас тарту "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабы 2-тармағында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

37. Осы тараудың, сондай-ақ 1, 2-тараулардың ережелері 4 және 5-тарауларда көзделген қатынастарға қолданылады.

4-тарау. Электрондық түрдегі ұсыныстарды қарау тәртібі

38. Жұмыс органы ұсынысты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мыналарды жүзеге асырады:

- 1) ұсынысты субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеу;
- 2) ұсыныстың осы Қағидаларда белгіленген субсидиялау талаптарына сәйкестігін тексеру, оның ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген қарыз шарттарына қойылатын талаптарға қарыз шартының сәйкестігін тексеру;
- 3) ұсыныс бойынша шешімді қабылдау мен ресімдеу және бұл туралы қарыз алушы мен қаржы институтын хабардар ету.

Субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шотының болуы қарыз алушыға және қаржы институтына субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне өтінімді тіркеуді өз бетінше жүзеге асыруына мүмкіндік береді, бұл жағдайда өтінім беру талап етілмейді және ол осылай тіркелген сәттен бастап берілген болып саналады.

39. Жұмыс органының шешіміне жұмыс органының бірінші басшысының немесе оны алмастыратын адамның ЭЦҚ-сы қойылады.

40. Қаржы институты субсидиялауға арналған өтінімдерді "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы береді.

"Электрондық үкімет" веб-порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы ақпараттандыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қарыз алушыда және қаржы институтында субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шоттарының болуы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталады.

Субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шотының болуы қарыз алушыға және қаржы институтына субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне өтінімді тіркеуді өз бетінше жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл жағдайда өтінім беру талап етілмейді және ол осылай тіркелген сәттен бастап берілген болып саналады.

41. Субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шот ашу үшін:

- 1) қарыз алушыда және қаржы институтында ЭЦҚ болуы тиіс;
- 2) облыс басқармасы (қала басқармасы) ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзекті етілген тізімдерін көрсетілетін қызметтерді жеткізушіге жыл сайын жолдап отырады.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділік өтеусіз негізде онлайн режимінде тұрақты түрде беріледі.

Министрлік "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жауапты адамдардың тізімін субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділігі бар көрсетілетін қызметтерді жеткізушіге жыл сайын жолдап отырады.

42. Қарыз алушы және қаржы институты жеке шоттар ашқан кезде тіркелу үшін мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса), тегі;

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН), толық атауы ; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН;

3) дара кәсіпкерлер, оның ішінде бірлескен кәсіпкерлік нысанындағылар үшін: ЖСН немесе БСН, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі;

4) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почта мекенжайы);

5) екінші деңгейдегі банктің ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректері өзгерген кезде қарыз алушы және қаржы институты жеке кабинетке енгізілген жеке шот деректерін 3 (үш) жұмыс күні ішінде өзгертеді.

43. Жұмыс органы субсидиялауға арналған өтінімді алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

1) ЭЦҚ пайдалана отырып қол қою жолымен субсидиялауға арналған өтінімнің қабылданғанын растайды;

2) субсидиялауға арналған өтінімді тіркеу нәтижелері бойынша субсидияларды қаржы институтының арнайы банктік шотына аудару үшін "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған төлем тапсырмаларын субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде қалыптастырады.

44. Субсидиялаудың ақпараттық жүйесін пайдалануға мұндай жүйе аттестатталған және оны ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтан өткізу нәтижелері оң болған және ол мыналарды қамтамасыз ететін жағдайда жол беріледі:

1) "Заңды тұлғалар", "Жеке тұлғалар" және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқорларымен және "электрондық үкімет" веб-порталымен ақпараттық өзара іс-қимыл жасау;

2) субсидиялар көлемдері бойынша лимиттердің мәртебесі туралы ақпараттың онлайн режимінде қолжетімділігі;

3) субсидиялауға арналған өтінімдерді қабылдауды тоқтата тұру туралы хабарландыруды ақпараттық жүйеде орналастыру;

4) ЭЦҚ қойылған ұсыныстарды, субсидиялауға арналған өтінімдер мен хабарламаларды веб-портал арқылы беру;

5) жұмыс органының шешімдерін электрондық түрде қалыптастыру және оларға ЭЦҚ қою;

6) ақпараттық жүйеде субсидиялау шартын немесе субсидиялау шартына қосымша келісімді электрондық түрде жасасу және оларға ЭЦҚ қою;

7) қарыз алушының банктік шотына субсидияларды аудару үшін қазынашылық органдарға төлем шоттарын қалыптастыру.

45. Электрондық түрдегі өтінімді қарау кезінде осы Қағидалардың 16, 19, 23, 24, 29-35-тармақтарында көзделген іс-шаралар субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады.

5-тарау. Қағаз түріндегі ұсыныстарды қарау тәртібі

46. Субсидиялауды қағаз түрінде жүзеге асыру үшін қаржы институты немесе қарыз алушы жұмыс органына беру мақсатында Мемлекеттік корпорацияға мынадай құжаттарды тапсырады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыныс;

2) негізгі борыш пен сыйақыны өтеу кестесі қоса берілген, қаржы институты мен қарыз алушы арасында жасалған қарыз шартының қаржы институты растаған көшірмесі;

3) сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын немесе субсидияланбайтын бөліктерінің есептемелері бар жаңартылған өтеу кестесінің жобасы (мөлшерлеменің субсидияланатын немесе субсидияланбайтын бөліктерінің есептемелерімен бірге жұмыс органына жолданады);

4) қарыз алушының кредитті алғаны туралы несие шотынан үзінді-көшірме (екінші деңгейдегі банктер үшін) немесе қарыздың аударылғанын/ лизинг нысанасының берілгенін растайтын құжат;

5) қарыз алушының субсидиялау бағдарламасына қатысуына қаржы институтының келісімхаты (қарыз алушы өз бетінше өтінім берген кезде).

47. Жұмыс органы ұсынысты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мыналарды жүзеге асырады:

1) ұсыныстың осы Қағидаларда белгіленген субсидиялау талаптарына сәйкестігін тексеру, оның ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген қарыз шарттарына қойылатын талаптарға қарыз шартының сәйкестігін тексеру;

2) осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы шешімді ресімдеу және бұл туралы қарыз алушы мен қаржы институтын хабардар ету.

48. Тиісті қаржы жылына көзделген бюджет қаражаты толық игерілген жағдайда, жұмыс органы өтінімдер қабылдауды тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте, жұмыс органы өтінімдер қабылдау тоқтатылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде бұл туралы жазбаша түрде қаржы институттарын хабардар етеді және өзінің интернет-ресурсында хабарландыру орналастырады.

49. Өтінімдер қабылдауды тоқтату туралы шешім қабылданғаннан кейін қарауға келіп түскен өтінімдер қаржы институтына немесе қарыз алушыға қараусыз қайтарылады.

50. Жұмыс органы Мемлекеттік корпорация арқылы өтінімді мақұлдаудан бас тарту туралы шешім шығарылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде бұл туралы қаржы институтын немесе қарыз алушыны жазбаша түрде хабардар етеді.

Қаржы институты өтінім берген жағдайда, қаржы институты Мемлекеттік корпорация хабарлама берген күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінімді мақұлдаудан бас тарту жөніндегі шешім туралы өзінің қарыз алушысын жазбаша хабардар етеді.

51. Жұмыс органы қаржы институтының субсидиялар аударуға арналған өтінімін алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде аударуға арналған өтінім сомасының қарыз алушыларды субсидиялау кестесіне сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

52. Жұмыс органы аударуға арналған өтінімді тексергеннен кейін бір жұмыс күні мерзімінде қазынашылық органдарына тиісті төлем шоттарын жібереді.

53. Жұмыс органы өтінім бойынша шешім қабылданған немесе қолданыстағы қарыз шартының талаптары (сыйақы мөлшерлемесі, сыйақы төлеу мерзімдері, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша мерзімді кейінге қалдыру) өзгерген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қарыз алушының атауын, қарыз шартының нөмірі мен жасалған күнін, қарыз сомасын, қарыз шартының қолданылу мерзімін, субсидиялау мерзімін, қарыздың нысаналы мақсатын, субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесінің пайызын, субсидияның жалпы сомасын, кредиттік шарттың бүкіл мерзіміне сыйақы сомасын (жалпы, субсидияланатын, қарыз алушы төлейтін) негізгі борыштың өзгеру серпінін көрсете отырып, "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында өз шешімінің, жұмыс органының мөрімен расталған қол қойылған субсидиялау шарты мен субсидиялау кестелерінің сканерленген көшірмелері қоса берілген өтінім туралы деректерді енгізеді.

Осы тармақтың ережелерін іске асыру үшін көрсетілетін қызметтерді жеткізуші субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде қажетті ресурстардың әзірленуін және жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

54. Өтінімді Мемлекеттік корпорация арқылы қарау кезінде осы Қағидалардың 16, 19, 23, 24, 29-35-тармақтарында көзделген іс-шаралар қағаз түрінде жүзеге асырылады.

6-тарау. Қорытынды ережелер

55. Қаржы институты осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша " Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысымен бекітілген Басым бағыттарға кредит беру тетігінің шеңберінде берілген қаражаттың игерілуі туралы есепті (бұдан әрі - Тетік бойынша есеп) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 20-нан кешіктірмей, "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Даму" КДҚ" АҚ) ұсынады.

56. "Даму" КДҚ" АҚ осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тетік бойынша есепті тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі екінші айдың 20-нан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне (бұдан әрі - ҚР ҰЭМ) ұсынады.

57. Министрлік осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес "Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысымен бекітілген Басым бағыттарға кредит беру тетігінің шеңберінде берілген қарыз шарттары бойынша субсидиялардың нақты пайдаланылғаны туралы есепті тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей, ҚР ҰЭМ-ға ұсынады.

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Ұсыныс

Қаржы институты: _____

_____ (қаржы институтының атауы)

Қарыз алушы: _____

_____ (жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе заңы тұлғаның толық атауы)

Кімге: _____

_____ (жұмыс органының атауы)

1. Қатысушы туралы мәліметтер

1	Қарыз алушының атауы*
2	Басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі
3	Қарыз алушы туралы мәліметтер: дара кәсіпкерлер, оның ішінде бірлескен кәсіпкерлік нысанындағылар үшін - ЖСН немесе БСН/заңды тұлға үшін БСН/ жеке тұлға үшін ЖСН
4	Банктік деректемелер
5	Байланыс телефондары

2. Субсидиялауға жататын кредиттік шарттар (бұдан әрі - КШ) туралы ақпарат

КШ (№ және күні)
Сомасы, теңге
Сыйақы мөлшерлемесі, %
Субсидиялау күніне негізгі борыш бойынша берешек қалдығы, теңге
КШ-ның қолданылу мерзімінің аяқталатын күні
Кредит беру валютасы
Кредит берудің/ лизингтің нысаналы мақсаты
Қаржыландыру көзі**
ЭҚЖЖ бойынша төрт таңбалы сыныбы

Кредит/лизинг нысанасы, саны	Лизинг нысанасын өндіруші ел	Мемлекеттік тіркеу базасындағы есепке алу нөмірі
9	10	11

Ескертпе: * айналым қаражатын толықтыру/негізгі құралдарды сатып алу/құрылыс/ ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты лизингке алу (керегін қою)

** "Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысымен бекітілген Басым жобаларға кредит беру тетігінің шеңберінде қаржы институттары берген қарызды ұсынған жағдайда көрсетіледі.

Осымен:

1) қарыз шартының Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларында белгіленген қарыз шарттарына қойылатын талаптарға сәйкес келетіні;

2) нысаналы мақсатының ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркемелі жабдықты (оның ішінде қайталама лизингке берілген) сатып алу,

сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алу, негізгі құралдарды сатып алу, құрылыс (ұн, минералды сулар және алкогольсіз сусындар өндіру бойынша негізгі құралдарды сатып алуға арналған қарыздарды қоспағанда), айналым қаражатын толықтыру болып табылатыны;

3) қаржылық берешегін қайта құрылымдау және жеделдетілген оналту рәсімі жағдайларын қоспағанда, қарыз алушының қызметі ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту, тарату немесе банкротқа ұшырау сатысында тұрмағаны, сондай-ақ қызметі "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уақытша тоқтатылмағаны;

4) қарыз шартының республикалық бюджет және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражаты есебінен қаржыландырылмағаны;

5) қарыз алушыда қарыз шарты бойынша қаражатты мақсатты пайдаланбау фактілерінің жоқтығы;

6) қарыз алушыда негізгі берешекті және/немесе қарыз шарты бойынша сыйақыны өтеу бойынша мерзімі өткен берешектерінің жоқтығы;

7) субсидиялауға арналған өтінімде көрсетілген қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесі басқа мемлекеттік және/немесе бюджеттік бағдарламалар бойынша субсидияланбайтыны расталады.

Қосымша: өтеу графигі бар қарыз шартының көшірмесі.

Қарыз алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және қолы

Қаржы институты басшысының немесе оны алмастыратын адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және қолы

Қаржы институты өтінім берген күні: 20 _____ жыл " __ " _____

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына
2-қосымша

Қарыз шартына қойылатын талаптар

Қарыз шарты мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) алынған кредит/лизинг агроөнеркәсіптік кешен саласында пайдаланылған;

2) теңгемен жылдық 17 (он жеті) %-дан артық емес, Ресей рублімен жылдық 14 (он төрт) %-дан артық емес және шетелдік валютамен жылдық 7 (жеті) %-дан артық емес белгіленген номиналды сыйақы мөлшерлемесімен жасалған;

3) нысаналы мақсаты ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркемелі жабдықты сатып алу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алу, негізгі құралдарды сатып алу, құрылыс (ұн, минералды сулар және алкогольсіз сусындар өндіру бойынша негізгі құралдарды сатып алуға арналған қарыздарды қоспағанда), айналым қаражатын толықтыру болып табылады;

4) қарыздың қаржыландыру көзі мемлекеттік бюджеттің немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты болып табылмайды;

5) өтінім берілген сәтке жарамды (бұзылмаған және тоқтатылмаған) болып табылады;

6) сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік және/немесе бюджеттік бағдарламалары бойынша субсидияланбайды.

Жаңа, бұрын пайдаланылмаған, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасын тіркеудің ақпараттық жүйесінде тіркелген ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығы субсидиялауға жатады.

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына
3-қосымша
Нысан
_____ облысының ауыл шаруашылығы басқармасы

Субсидиялауға арналған өтінім

20__ жылғы "___" _____

Осымен _____ қаржы институты төмендегі кестеде көрсетілген кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шартына сәйкес қарыз алушыда өткен айда мерзімі өткен міндеттемелердің жоқтығын, оның ішінде қарыз алушының қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін төлегенін растайды және 20__ жылғы "___" _____ бастап 20__ жылғы "___" _____ дейінгі кезең үшін _____ теңге сомасындағы субсидияларды төменде көрсетілген қарыз алушылардың шотына төлеуді сұрайды.

--	--	--	--	--	--

№	Қарыз алушының атауы және ЖСН/БСН-сы	Субсидиялау шартының нөмірі мен күні	Қарыз шартының нөмірі мен күні	Қарыз шарты бойынша өтеу мерзімі	Субсидия сомасы

Қаржы институтының басшысы (сенімхат бойынша өкілі)

(қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шарты

_____ қаласы 20__ жылғы "___" _____
Бұдан әрі "Жұмыс органы" деп аталатын _____ облысының (қаласының)
ауыл шаруашылығы басқармасы атынан 20__ жылғы _____
№ _____ сенімхат негізінде әрекет ететін _____ бір тараптан, бұдан
әрі "Қарыз алушы" деп аталатын _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан және бұдан әрі "Қаржы институты" деп аталатын _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ үшінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар", ал жеке алғанда "Тарап" деп аталатындар, төмендегілер туралы осы сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шартын (бұдан әрі - шарт) жасасты.

1-тарау. Терминдер мен айқындамалар

1. Осы шартта Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығымен бекітілген Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы

техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 17741 болып тіркелген) (бұдан әрі - Субсидиялау қағидалар) көрсетілген ұғымдар пайдаланылады.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Осы шарт бойынша жұмыс органы Қаржы институтының қолдауымен шартта айқындалған талаптармен осы шартқа 1-қосымшада көрсетілген қарыз алушыларды субсидиялау графигіне (бұдан әрі - субсидиялау графигі) сәйкес қарыз алушының белгілі бір қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін төлеу жөніндегі шығындарын тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша бөлінген ақша сомасы шегінде субсидиялауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

3-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3. Жұмыс органы:

Қаржы институтынан субсидиялауға арналған өтінім келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

оның субсидиялау қағидаларында көзделген субсидиялар алу шарттарына сәйкестігін тексеруді және субсидиялауға арналған өтінім сомасының субсидиялау шартына сәйкес қарыз алушыларды субсидиялау графигіне сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға;

субсидиялауға арналған өтінімге сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына ай сайын аванстық төлеммен, субсидияларды кезекті төлеу жүргізілетін айдың алдындағы айда аударады.

субсидиялауға арналған өтінім Субсидиялау қағидаларының талаптарына сәйкес болған жағдайда, қаржы институтының банктік шотына субсидияларды аудару үшін төлем шоттарын қалыптастыруға және қазынашылық органдарына жолдауға;

субсидиялауға арналған өтінім сәйкес келмеген жағдайда субсидиялар беруден бас тарту туралы қаржы институтын хабардар етуге міндеттенеді.

4. Қаржы институты:

1) ай сайын субсидиялауға арналған өтінімді қалыптастыруға және жұмыс органына жолдауға;

2) қарыз алушы негізгі борышты және сыйақыны өтеу жөніндегі міндеттемелерінің мерзімін өткізіп алған жағдайда және Субсидиялау қағидаларында көрсетілген басқа да оқиғалар бойынша оқиғалар анықталған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ол туралы жұмыс органын хабардар етуге;

3) қолданыстағы қарыз шартының талаптары (сыйақы мөлшерлемесі, сыйақыны төлеу мерзімдері, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша мерзімін кейінге қалдыру) өзгерген жағдайда, жұмыс органына қаржыландыру талаптарын

өзгерту жөніндегі қабылданған шешімнің, негізгі борышты, сыйақыны және субсидиялар көлемін өтеудің жаңартылған графигінің көшірмесін қоса бере отырып, хабарлама жолдауға міндеттенеді.

5. Қарыз алушы:

Субсидиялау қағидаларында белгіленген субсидиялау шарттарын сақтауға; қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің басқа мемлекеттік және бюджеттік бағдарламалар бойынша субсидиялануына жол бермеуге міндеттенеді.

4-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

6. Тараптар осы шарт бойынша осы шартқа және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

5-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

7. Егер орындаудың мүмкін еместігі еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

8. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталған кезде, осы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауының мүмкін болмауы туындаған Тарап олар туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде мұндай мән-жайлар туралы екінші Тарапты уақтылы хабардар етуі тиіс. Бұл ретте еңсерілмейтін күштің мән-жайларының сипаты, әрекет ету кезеңі, басталу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

9. Уақтылы хабардар етілмеген жағдайда, Тарап екінші Тарапқа хабардар етпеуден немесе уақтылы хабардар етпеуден келтірілген зиянның орнын толтыруға міндетті.

10. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталуы осы шарттың орындалу мерзімін олардың әрекет ету кезеңіне ұлғайтуға алып келеді.

11. Егер, мұндай мән-жайлар қатарынан үш айдан артық жалғасатын болса, онда Тараптардың кез келгені осы шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

6-тарау. Қорытынды ережелер

12. Хат-хабар тиісті түрде ресімделсе (хат-хабар бланкімен берілген немесе мөрмен бекемделген, басшының қолы қойылған және оның тіркеу нөмірі, күні болған жағдайда, ол тиісті түрде ресімделген болып саналады), қолма-қол табысталса, қатысушы

Тараптың мекенжайына почта арқылы (хабарламасы бар тапсырыс хатпен) немесе курьерлік байланыс арқылы жеткізілсе, ол тиісті түрде ұсынылған немесе жолданған болып саналады.

13. Осы шартты жұмыс органы біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда бұза алады:

1) қарыз алушының негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімде орындамаған міндеттемелерінің болуы;

2) қарыз шарты бойынша қаражатты мақсатты пайдаланбау;

3) қарыз алушының субсидиялар алудан бас тарту туралы жазбаша өтініші;

4) қарыз алушының қарыз шарты бойынша қаржы институты алдындағы міндеттемелерін толық өтеуі,

5) қарыз шартының бұзылуы немесе тоқтатылуы.

14. Тараптар шарт бойынша араларында немесе онымен байланысты туындаған келіспеушіліктерді және дауларды тікелей келіссөздер барысында шешу үшін барлық күш-жігерін салуы тиіс. Егер осындай келіссөздерден кейін Тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселенің Қазақстан Республикасының азаматтық процессуалдық заңнамасымен белгіленген сот тәртібінде шешілуін талап ете алады.

15. Осы шарт барлық Тараптардың уәкілетті өкілдері қолдарын қойған күннен бастап күшіне енеді және субсидиялау графигіне сәйкес қарыз шарттарының мерзімі аяқталғанға дейін қолданыста болады.

16. Шартпен реттелмеген бөлікте, Тараптар дауды сот тәртібімен шешеді.

17. Осы шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде 6 (алты) данада, Тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бірден екі данада жасалды.

18. Осы шартқа қосымша оның ажырамас бөлігі болып табылады.

19. Тараптардың мекенжайлары, банктік деректемелері, қолтаңбалары:

Жұмыс органы:	Қарыз алушы:	Қаржы институты:
---------------	--------------	------------------

Сыйақы мөлшерлемелерін
субсидиялау шартына
қосымша
Нысан

**Қарыз алушыны субсидиялау графигі (Жұмыс органының 20___ жылғы "___" ___
№___ шешіміне сәйкес)**

Қарыз алушының атауы: _____

Кредит шарттарының нөмірі, жасалған күні: _____

Кредиттің/ лизингтің нысаналы мақсаты: _____

Кредит шартының сомасы, теңге: _____

Кредит шартының сомасы, валюта: теңге, KZT: _____

Кредит шарты бойынша негізгі борышты қайтару мерзімі

Сыйақы мөлшерлемесі, %

Жалпы: _____

Субсидияланатын: _____

Қарыз алушы төлейтін: _____

Қарыз шартының барлық мерзіміне сыйақы сомасы, теңге

Жалпы: _____

Субсидияланатын: _____

Қарыз алушы төлейтін: _____

Жыл	Ай	Кредит шартының графигі бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу мерзімі	Сыйақының жалпы сомасы, теңге	Мемлекет төлейтін сыйақы мөлшерлемесі бөлігінің сомасы (субсидияланатын), теңге	Қарыз алушы төлейтін сыйақы мөлшерлемесі бөлігінің сомасы, теңге
	Жиыны				

Жұмыс органы _____

қолы _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қарыз алушы: _____

қолы _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қаржы институты _____

қолы _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Кредиттер және технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы малын сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы

"Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысымен бекітілген Басым жобаларға кредит беру тетігінің шеңберіндегі қарыз шарттары бойынша субсидиялау үшін агроөнеркәсіптік кешендегі өндіріс бойынша тауарлар тізбесі

№	Тауарлар тобының атауы	ЭҚЖЖ атауы	ЭҚЖЖ	Шығарылатын өнімдер мен тауарлардың тізбесі
1	2	3	4	5
		Дәнді дақылдарды (күрішті қоспағанда), бұршақты дақылдар мен майлы тұқымдарды өсіру	0111	Қытайбұршақ, жер жаңғағы, мақта тұқымы, кәдімгі майкене, зығыр тұқымы, қыша тұқымы, майлы нуга тұқымы, рапс тұқымы, бояғыш мақсары тұқымы, күнжіт тұқымы, күнбағыс тұқымы, өзге де майлы тұқымдар сияқты майлы тұқымдарды өсіру
		Көкөністер және бақша өнімдерін, тамыр жемістілер мен түйнек жемістілерді өсіру	0113	Көкөніс, оның ішінде қызанақ, басты пияз, шалот пиязы, сарымсақ, порей пиязы және басқа да пияз тұқымдас көкөністер, қауданды қырыққабат, түрлі-түсті қырыққабат, кольраби, жапырақты қырыққабат, сәбіз, шалқан, тамыр балдыры, шалғам және басқа да осыған ұқсас жеуге жарамды тамыр жемістілер, бұрыш, қияр мен корнишон, қант қызылшасы және асханалық қызылша өсіру. Көкөніс, картоп, қант қызылшасының тұқымдарын өсіру Бақша дақылдарын, оның ішінде қарбыз, қауын және асқабақ өсіру
		Талшықты иіру дақылдарын өсіру	0116	Мақта, зығыр өсіру Мақта тұқымын өсіру
		Басқа да маусымдық дақылдарды өсіру	0119	Тарна, азықтық қызылша, азықтық көк, беден, жоңышқа, эспарцет, азықтық жүгері және де шөптерді, азықтық қырыққабат және қарапайым Азықтық өнімдерді өсіру Қарақұмық өсіру Қызылша өсіру (қант қызылшасы тұқымдарын қоспағанда) және азықтық өсімдіктер тұқымын өсіру
		Жүзім өсіру	0121	Шарап жүзімі және жүзімнің асханалық сорттары
		Дәнді және сүйекті жемістер өсіру	0124	Дәнді және сүйекті жемістер: алма, өрік, шие және қызыл шие, шабдалы және тақыр шабдалы, алмұрт және беже, қара өрік және шомырт өсіру

1

Ауыл шаруашылығы

Өзге де жеміс ағаштарын, бұталар мен жаңғақ түрлерін өсіру	0125	Жидек өсіру: қаражидек/көкжидек, қарақат, қарлыған, киви, таңқурай, құлпынай/бүлдірген, өзге де жеміс түрлері Жемістердің тұқымдарын өсіру Жеуге жарамды жаңғақтарды өсіру: бадам, кешью, талшын, фундук/орман жаңғағы, пісте, грек жаңғағы, басқа да жаңғақ түрлері Жеміс ағаштарының, бұталардың басқа түрлерін өсіру: айлауық ағаш тұқымдары
Малдың сүтті тұқымдарын көбейту	0141	Малдың сүтті тұқымдарын өсіру және көбейту Шикі сүт алу
Малдың және кодастың басқа да тұқымдарын көбейту	0142	Ет алу үшін ірі қара мал мен кодасты көбейту
Жылқы өсіру	0143	Жылқы өсіру
Түйелер мен түйе тұқымдастарды өсіру	0144	Түйелер мен түйе тұқымдастарды өсіру және молайту
Қой мен ешкі өсіру	0145	Қой мен ешкі өсіру және молайту Қой мен ешкінің шикі сүтін өндіру Жүн дайындау Қозылардың терілерін дайындау
Құс шаруашылығы	0147	Инкубациялық жұмыртқа өндірісі Үй құстарын өсіру және көбейту: тауық, күркетауық, үйрек, қаз және т.б. Жұмыртқа өндірісі*
Жануарлардың өзге де түрлерін өсіру	0149	Омарта шаруашылығы және бал мен бал балауызы өндірісі
Уыт өндірісі	1106	Уыт өндірісі
Шошқа және торай өсіру	01460	Торайлар, шошқалар, шошқа еті
Теңізде акваөсіру	0321	Аквариум балықтарын өсіруді, моллюскілер (устрица, мидия және т.б.) уылдырығының, ірі теңіз шаяндарының, асшаяндардың, балық шабақтарының өндірісін және оларды қолмен өңдеуді қоса алғанда, теңіз суында балық өсіру, қызыл балдырлар мен басқа да жеуге жарамды балдырларды өсіру, шаян тәрізділерді, қос жақтаулы моллюскілерді, теңіз суындағы басқа да моллюскілер мен басқа да су жануарларының түрлерін, теңіз суындағы аквадақылды, резервуарлардағы тұздалған судағы аквадақылды өсіру Теңіз балықтарының түрлерін өсіру жөніндегі инкубаторлық станциялар, жылы теңіз фермалары
Тұщы судағы акваөсіру	0322	Тұщы су балықтарының аквариумдық түрлерін өсіруді, тұщы суды мекендейтін шаян тәрізділерді, қос жақтаулы моллюскілерді, өзге де моллюскілерді және су жануарларының басқа да түрлерін өсіруді, инкубаторлық

Банк қаражатының есебінен мақұлданған қарыз сомасы	Іс жүзінде берілген қаражат сомасы	Тетік қаражаты есебінен іс жүзінде берілген сома	Банк қаражатының есебінен іс жүзінде берілген сома	Негізгі берешекті өтеу бойынша жеңілдік кезеңі	Сыйақыны төлеу бойынша жеңілдік кезеңі	Кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі	Кредит бойынша тиімді сыйақы мөлшерлемесі	Кредит беру объектісі
10	11	12	13	14	15	16	17	18

кестенің жалғасы

Қарыз қаражатының нысаналы мақсаты (қарыз қаражатының әрбір бағытының атауы мен сомасын көрсете отырып)	Іске асырылу орны (аудан, қала)	ЭҚЖЖ бойынша секциясы	ЭҚЖЖ бойынша төрт таңбалы сыныбы	Жобаны іске асыру есебінен құрылатын жаңа жұмыс орындарының саны	ЕДБ Уәкілетті органы шешімінің №-і	ЕДБ Уәкілетті органы шешімінің күні	Жылына салық төлемдерінің жоспарлы сомасы (ең жоғары жобалық қуаттылығына шыққан кезде), млн. теңге (бизнес жоспар негізінде)	Жылына табыстың жоспарлы сомасы (ең жоғары жобалық қуаттылығына шыққан кезде), млн. теңге (бизнес жоспарының негізінде)	Банктік қарыз шартының / Кредиттік желіні ашу туралы келісімнің №-і
19	20	21	22	23	24	25	26	27	28

кестенің жалғасы

Бизнесі қолдау мен дамытудың "Бизнесің жол картасы" мемлекеттік бағдарламасына қатысуы (иә/жоқ)	Тетік шеңберіндегі бағыт*	Жеке кәсіпкерлер субъектілерінің санаты (Шағын бизнес/Орта бизнес/ірі бизнес)	АӨК субъектілерінің Бағдарламаның/Тетіктің шарттарына сәйкестігі (сәйкес/сәйкес емес)	АӨК субъектісі жобасының Бағдарламаның/Тетіктің талаптарына сәйкестігі (сәйкес/сәйкес емес)
31	32	33	34	35

Ескертпе:

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖШС - жауапкерлігі шектеулі серіктестік

ДК - дара кәсіпкер

ШҚ - шаруа қожалығы

ӨК - өндірістік кооператив

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН - бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЭҚЖЖ - экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуші

Ауытқу (+, -) (+) артық төлем, (-) жетіспеу, теңге		Пайдаланылмаған субсидияларды облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың ауыл шаруашылығы басқармасына қайтару (нақты), теңге	Қаржы институтының арнайы шотындағы субсидиялардың қалдығы (11-баған - 13-баған), теңге	ЭҚЖЖ бойынша төрт таңбалы сыныбы
Барлығы (7-баған - 9-баған)	оның ішінде есепті кезеңде (8-баған - 10-баған)			
11	12	13	14	15

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің жауапты адамы _____

(қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Ескертпе:

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН - бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЭҚЖЖ - экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуіші.